

№40 (20 905)
9 қазан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

*Кәсіпкерлік

СУСЫЗ ЖЕРДЕ балық өсірген...



ЖЫЛЫОЙЛЫҚ КӘСІПКЕР АУЛАСЫНДА БАЛЫҚ ӨСІРІП ОТЫР. БҰЛ САЛАНЫ БІР ЖЫЛДАЙ ЗЕРТТЕП, ДАЙЫНДАЛҒАН БИЗНЕС ИЕСІ БЫЛТЫР ТАМЫЗ АЙЫНДА САТЫП АЛҒАН САЛМАҒЫ НЕБАРЫ 2 ГРАММ «СУ МАРЖАНЫН» ТӨРТ АЙДА 400 ГРАМҒА ЖЕТКІЗГЕН. МҰНДАЙ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ҮШІН ҚУАНЫШ САҚТАҒАНОВА ТЕҢІЗІ МЕН КӨЛІ ЖОҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ЖЕРАСТЫ СУЫН ПАЙДАЛАНЫП КЕЛЕДІ ЕКЕН. МЕМЛЕКЕТТЕН ҚОЛДАУ АЛЫП, ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ ҚАРАЖАТЫНА АРНАЙЫ БАССЕЙІНДЕР САТЫП АЛҒАН КЕЙІПКЕРІМІЗ КЕЛЕШЕКТЕ ОСЫ КӘСІБІН КЕҢЕЙТСЕМ ДЕЙДІ. ОЛ ҮШІН ӘКІМДІКТЕН АРНАЙЫ ЖЕР ТЕЛІМІН СҰРАП ОТЫРҒАН КӨРІНЕДІ.


(Толығырақ 9-бетте)



Қолжазбалды жасаған: Сая Рамазанова

*Жұмекен Нәжімеденов – 90

Қазақ жырының ТҰҢҒИЫҒЫ



ОБЛЫСТА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНИ АВТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ. МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ, КӨРНЕКТІ АҚЫН ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТІҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ. ОЛ КЕШЕ «ҰРПАҒЫМ, САҒАН АЙТАМ...» ДЕП АТАЛАТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ БАЙҚАУЫНАН БАСТАЛДЫ. АЛ 10 ҚАЗАНДА «МҰНАЙШЫ» СТАДИОНЫНДА АҚЫНҒА АРНАЛҒАН «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ.

Кеш барысында ҚР Мемлекеттік туы мен Жұмекен Нәжімеденовтің бейнесі көрсетілген үлкен көркем құрастырма ұсынылады. Сондай-ақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт өтеді.

Облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әбіл Жоламанов өңірде кең көлемде тойланатын ақынның мерейтойы туралы айтып берді.

— Атап айтсақ, «Менің Қазақстаным» атты гала-концерт, «Ұрпағым, саған айтамын...» атты көркемөз оқу шеберлерінің байқауы, «Жыр – Жұмекен»

поэзия фестивалі, республикалық деңгейдегі ақындар айтысы және Нәжімеденовтің ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі өткізіледі. Ақынның туған жері Құрманғазы ауданында «Ұлт өлеңінің ұштағаны» атты жыр кешін де жоспарладық, - деді ол.

«Менің Қазақстаным» атты мерекелік шараға 3000-нан астам адам жұмылдырылмақ. Олардың ішінде мыңнан аса адам көркем құрастырманы жинап, тағы мыңы көк туымызбен арнайы шеруге қатысады.

Бек АЙДАРӘЛИ

*Құрылыс

Іс бітсе де, «қу» кетпейді

ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІ ЕРСАЙЫН НАҒАСПАЕВ ЖАҢА САЛЫНҒАН ҒИМАРАТҚА БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДІК 2 ЖЫЛДАН 10 ЖЫЛҒА ҰЗARTY ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫ ҚОЛДАЙТЫНЫН ЖЕТКІЗДІ.

Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов Құрылыс кодексінің жобасына осындай түзету енгізуді ұсынған.

– Қолданыстағы Азаматтық кодексте құрылыс біткеннен кейін нысанды пайдалану мерзімі 10 жыл деп белгіленген. Ал салалық құрылыс заңнамасында 2 жылдан кем болмау керек делінген. Құрылыс компаниялары осыны пайдаланып, екі жылдық келісімшартқа отырады. Ал екі жылдың ішінде ғимараттың сырты бүтін, іші түзу көрінгенімен, уақыт өте келе ақаулар пайда болып, апатты жағдайға жетіп жатыр. Мектептердің қасбеттері құлап, сәл жел тұрса шатырлардың ұшып жатқанын көріп жүрміз. Сондықтан екі жылдық кепілдік – жұмыс істеп кетсек

болды деген түсініктің туындысы. Оның салдары – суық ауруханалар, төбесінен жаңбыр тамшылаған мектептер.

Кодекс жобасында сіздер 5 жыл деп отырсыздар. Бұл да жеткіліксіз. Біз бір топ депутат ұсыныс жасағанбыз. Іргетасқа, қасбетке, шатырға, тірек қабырғаларына кепілдік 10 жыл болуы керек. Басқа элементтерге 5 жыл бола берсін. Осы ұсынысқа сіздің ұстанымыңызды білгім келеді, - деді депутат.

Министр Ерсайын Нағаспаев депутаттың уәжі орынды екенін атап өтті.

Шынымен де қазіргі екі жылдық кепілдік құрылыста кемшілік анықталған кезде киындықтар туындайды. Сондықтан біз құрылыс компанияларының жауапкершілігін күшейту үшін кепілдік мерзімін кемінде 5 жылға дейін ұзартуды ұсынып отырмыз. Ал сіз атаған элементтерге 10 жылдық кепілдік енгізу мәселесін пысықтап жатырмыз. Жалпы біз бұл бастаманы қолдаймыз, - деді ведомство басшысы.

Өз тілшіміз



«Атырау» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

6 ай	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3000	
Заңды тұлғалар үшін	5700	

12 ай	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	6000	
Заңды тұлғалар үшін	11400	

6 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3656,12	3656,12
Заңды тұлғалар үшін	8067,28	6880,12

12 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	7312,24	7312,24
Заңды тұлғалар үшін	16134,56	13760,24

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. Барлық сұрақ бойынша өз бөлімшенізге хабарласыңыз!

Жазылу бағасы: (теңгемен)

